

**Дайыр ауылдық округіндегі Көкжыра, Жамбыл, Дайыр ауылдарында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 20 қазандағы N 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 қарашада N 3533 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы N 2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 25.12.2015 N 2 шешімімен (қабылданған күннен бастап күшіне енеді).**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық санитарлық инспекторының ұсынысы негізінде Дайыр ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Дайыр ауылдық округіндегі Көкжыра, Жамбыл, Дайыр ауылдарында мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы С.Қожекеновке осы шектеу іс-шараларынан туындайтын талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Дайыр ауылдық  
округінің әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Зайсан ауданының бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитарлық инспекторы*

*Б. Балғабаев*

*С. Қожекенов*

21 қазан 2014 жыл